

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің Астана қаласындағы "Олимпиадалық даярлау орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 28 қаңтар N 99

Спорттық резервті және ұлттық құрама командаларды сапалы даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің Астана қаласындағы "Олимпиадалық даярлау орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Спорт саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті, соның ішінде олимпиада резервін және республиканың ұлттық құрама командаларының мүшелерін даярлауды жүзеге асыру Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде:

1) Кәсіпорынның жарғысын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне б е к і т у г е е н г і з с і н ;

2) әділет органдарында Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы н ы ң

Премьер-Министрі